

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 маусымдағы N 576 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі үшін өсімдіктер мен жануарлардың аса қауіпті инфекциялары қоздырғыштарының мониторингін және генетикалық картасын жасауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 ақпандағы N 135 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 576-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі үшін өсімдіктер мен жануарлардың аса қауіпті инфекциялары қоздырғыштарының мониторингін және генетикалық картасын жасауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасында:

"1. Бағдарламаның паспорты" деген бөлімнің "Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген кіші бөлімінің екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржылық шығындар барлығы 209,884 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша:

2004 жылы - 60,0 млн. теңге; 2005 жылы - 70,028 млн. теңге; 2006 жылы - 79,856 м л н . т е ң г е " ;

"6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген бөлімнің екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржы шығындары барлығы 209,884 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша:

2004 жылы - 60,0 млн. теңге; 2005 жылы - 70,028 млн. теңге; 2006 жылы - 79,856 м л н . т е ң г е " ;

"8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бөлімнің " Болжамды шығыстар (млн. теңге)" деген 6-бағанындағы реттік нөмірлері 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы 31,869, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 25,0; 2005 - 6,869";

"Барлығы 16,984, оның ішінде жылдар бойынша: 2005 - 6,219; 2006 - 10,765";

"Барлығы 16,821, оның ішінде жылдар бойынша: 2005 - 7,14; 2006 - 9,681";

"Барлығы 16,721, оның ішінде жылдар бойынша: 2005 - 7,54; 2006 - 9,181";

"Барлығы 43,621, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 13,0; 2005 - 14,54; 2006 - 16,081" ;

"Барлығы 24,621, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 7,0; 2005 - 8,04; 2006 - 9,581" ;

"Барлығы 7,021, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 1,7; 2005 - 2,24; 2006 - 3,081" ;

"Барлығы 7,221, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 1,7; 2005 - 2,44; 2006 - 3,081" ;

"Барлығы 7,221, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 1,7; 2005 - 2,44; 2006 - 3,081" ;

"Барлығы 7,421, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 1,9; 2005 - 2,44; 2006 - 3,081" ;

"Барлығы 10,021, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 2,6; 2005 - 3,34; 2006 - 4,081" ;

"Барлығы 10,021 оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 2,6; 2005 - 3,34; 2006 - 4,081" ;

"Барлығы 10,321, оның ішінде жылдар бойынша: 2004 - 2,8; 2005 - 3,44; 2006 - 4,081" .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі